

Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 549 Заңы.

Ялтада 2003 жылғы 19 қыркүйекте жасалған Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Украина, өз халықтарының экономикалық және әлеуметтік ілгерілеуіне жәрдемдесуге, олардың өмір сүру деңгейін жақсартуға ұмтыла отырып;

Тараптардың экономикасын нығайтуға және көп жақты экономикалық ынтымақтастықты бұдан әрі тереңдету және Бірыңғай экономикалық кеңістік құру (бұдан әрі - БЭК) жөніндегі өзара тиімді уағдаласушылықтарға қол жеткізу арқылы интеграциялық процестерді күшейту үшін экономикалық реформаларды қатар жүргізе отырып олардың гармониялық дамуын қамтамасыз етуге іс-қимылды ұмтылыспен;

Бұл ретте Тараптардың ықпалдастық процестерді одан әрі тереңдетуге дайындығын ескере отырып, олардың БЭК-ті құру процесіне қатысуын айқындайтын құқықтарын мойындай отырып;

мемлекет пен халықты байланыстыратын достық қарым-қатынасты растай отырып, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей принциптері мен нормаларын негізге алып, олардың көркеюін қамтамасыз етуге тілек білдіріп;

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Украина Президенттерінің 2003 жылғы 23 ақпандағы Мәлімдемелерін ескере отырып; төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптардың экономикасын тұрақты және тиімді дамыту мен халықтың өмір деңгейін жақсарту үшін жағдай жасау мақсатында Тараптар БЭК-ті құру процесіне кіріседі.

Тараптар Бірыңғай экономикалық кеңістік дегенді экономиканы реттейтін тетіктер жұмыс істейтін, бірыңғай принциптерге негізделген, тауарлардың, қызметтер

көрсетудің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалуын қамтамасыз ететін Тараптардың кедендік аумақтарын біріктіретін экономикалық кеңістік деп түсінеді және бірыңғай сыртқы сауда мен макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты мөлшерде келісілген салықтық, ақша-кредиттік және валюталық-қаржылық саясат жүргізіледі.

Тараптар:

Тараптар экономикаларының халықаралық құқықтың жалпыға бірдей принциптері мен нормаларының, сондай-ақ ДСҰ ережелері мен принциптері базасында тұрақты дамуын қамтамасыз ететін Тараптар арасындағы сауда мен инвестициялардың дамуына ;

экономикалық әлеуеттердің бірлігі мен дамуын нығайтуға, сондай-ақ Тараптар экономикаларының сыртқы рыноктардағы бәсекелестікке қабілеттігін арттыруға жәрдемдесуге ұмтылады.

2-бап

Ықпалдасуды тереңдету міндеттерін кезең кезеңмен шешу Тараптардың қабылданған міндеттемелерін орындауымен және мынадай міндеттерді іс жүзінде шешумен шарттасады:

тарифтік немесе тарифтік емес реттеу, бәсекелестіктің бірыңғай ережелері, демеуқаржыларды және мемлекеттік қолдаудың өзге де нысандарын қолдану саласындағы бірыңғай саясат жүргізу негізінде өзара саудада демпингке қарсы, өтемдік және арнайы қорғау шараларын қолданбауды болжайтын алусыз қоюларсыз және шектеулерсіз еркін сауда аймағын құру;

техникалық регламенттер мен стандарттарды, санитарлық және фитосанитарлық нормаларды әзірлеу мен қолдану принциптерін біріздендіру;

макроэкономикалық саясатты үйлестіру;

Тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалуы үшін жағдайлар жасау;

сауда және бәсекелік саясатты қоса алғанда Тараптардың заңнамаларын БЭК-ті құру үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты мөлшерде, үйлестіру;

табиғи монополиялардың (темір жол көлігі, магистральды телекоммуникациялар, электроэнергияны, мұнайды, газды тасымалдау саласында және басқа да салаларда), бірыңғай бәсекелік саясаттың қызметін реттеудің бірыңғай принциптерін құру және табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсетуіне кемсітушіліксіз енуін және тарифтердің тең деңгейін қамтамасыз ету.

3-бап

Тараптар осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес осы Келісімге қоса берілген және оның ажырамас бөлігі болып табылатын Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы тұжырымдамада көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.

Тараптар осы Келісімді іске асыру мақсатында Бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөніндегі Негізгі шаралар кешенін әзірлейді.

4-бап

БЭК құру мен жұмыс істеу, процестерін үйлестіруді құрылымы ықпалдастық деңгейін ескере отырып, құрылатын тиісті органдар жүзеге асырады.

БЭК-тің органдары мемлекетаралық элементтердің және аталған органның маңызын біртіндеп арттыру арқылы Тараптар уәкілеттігінің бір бөлігін бірыңғай реттеуші органға беру принциптерінің үйлесуі негізінде құрылады.

БЭК-ті құруды үйлестіру мен басқаруды және мемлекетаралық деңгейде қолданысқа енгізуді Мемлекет басшыларының кеңесі (бұдан әрі - МБК) қамтамасыз етеді.

МБК шеңберіндегі әрбір қатысушы мемлекеттер дауысының саны "бір мемлекет - бір дауыс" принципіне сүйене отырып бөлінеді. МБК-ның шешімдері бәтуаластықпен қабылданады.

Тараптар олар халықаралық шарттар негізінде өз өкілеттіктерінің бір бөлігін табыстайтын БЭК-тің бірыңғай реттеуші органын құрады. Оның шешімі барлық Тараптардың орындауына міндетті болып табылады.

БЭК-тің бірыңғай реттеуші органдары барлық мәселелер бойынша шешімдер салмақталған дауыс беру арқылы қабылданады. Әрбір Тараптың дауыс саны оның экономикалық әлеуетін ескере отырып, айқындалады. Дауыстарды бөлу Тараптардың келісімдері негізінде белгіленеді.

Кез келген Тарап МБК-ге БЭК-тің бірыңғай реттеуші органының шешімін қайта қарау туралы ұсыныс бере алады.

Егер қабылданған шешім бір немесе бірнеше Тараптарға елеулі экономикалық залал келтіретін болса, жекелеген халықаралық шарттармен өтемақы механизмі көзделетін болады.

5-бап

БЭК әртүрлі деңгейлі және әртүрлі жылдамдықты ықпалдастықты ескере отырып, кезең кезеңмен құрылады.

Бір кезеңнен екінші кезеңге ауысуды Бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөніндегі Негізгі шаралар кешенінде көзделген іс-шараларды толық көлемде орындаған Тараптар жүзеге асырады.

Тараптар әзірлігіне қарай Бірыңғай экономикалық кеңістік құруды және қолданысқа енгізуді қамтамасыз ететін халықаралық шарттарға қосылады. Бұл ретте әрбір Тарап осындай халықаралық шарттарға қосылудың келісілген тізбектілігін сақтауы тиіс. Тараптардың бірде біреуі басқа Тараптарға ықпалдастықтың мейлінше жоғары дәрежесіне жылдам жылжуына бөгет бола алмайды.

Әртүрлі деңгейлі және әртүрлі жылдамдықты ықпалдастық дегеніміз әрбір Тарап ықпалдастықтың қандай даму бағытын немесе жекелеген ықпалдастық іс-шараларын және қандай көлемде қатысуына дербес айқындайтынын білдіреді.

6-бап

БЭК-ті құру мен қолданысқа енгізуді қамтамасыз етудің құқықтық негізі халықаралық шарттар мен Тараптардың мүдделерін ескере отырып және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей нормалары мен принциптеріне сәйкес жасалған және қабылданған БЭК органдарының шешімдері болып табылады.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптардың арасындағы даулар мен келіспеушіліктер консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

8-бап

Осы Келісім оның барлық Тараптарымен келісілген жағдайларда Келісімнің мақсаттары мен принциптерін бөлісетін басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Қосылған мемлекет үшін осы Келісім депозитарийдің осындай қосылуға келісімі туралы Тараптардың соңғы хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енеді.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 10-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы хабарламаны депозитарийдің алған күнінен бастап күшіне енеді.

11-бап

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады.

Әрбір Тарап осы Келісімнен бұл туралы депозитарийге одан шығатыны туралы жазбаша хабарламаны кемінде шығуына дейінгі 12 ай бұрын жіберіп шыға алады.

Осы Келісімнің депозитарийі Қазақстан Республикасы болып табылады.

Депозитарий бір ай мерзімде осы Келісімнің барлық қатысушыларына қандай да бір Тараптың Келісімнен шыққаны туралы хабарлайды.

2003 жылы 19 қыркүйекте Ялта қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқалы данада жасалды. Түпнұсқалы данасы осы келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмелерін жіберетін Қазақстан Республикасының мұрағатында сақталады.

Беларусь Республикасы

Ресей Федерациясы

Үшін

Үшін

Қазақстан Республикасы

Украина үшін

Үшін

Бірыңғай экономикалық кеңістік құрудың тұжырымдамасы

Бірыңғай экономикалық кеңістік құрудың тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Украинаның (бұдан әрі - қатысушы мемлекеттер) көп жақты экономикалық ынтымақтастықты тереңдету мақсатында Бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөніндегі шараларының бағдарламасын білдіреді.

Қатысушы мемлекеттер Бірыңғай экономикалық кеңістікті (бұдан әрі - БЭК) тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ететін бірыңғай принциптерге негізделген экономиканы реттеудің тетіктері жұмыс істейтін және тең бәсекелестік пен макроэкономикалық тұрақтылығын ұстауды қамтамасыз ету үшін қажетті шамада және көлемде бірыңғай сыртқы сауда мен келісілген салық, ақша-кредит және валюта-қаржылық саясаты жүргізілетін қатысушы мемлекеттердің кеден аумағын біріктіретін экономикалық кеңістік деп түсінеді.

I. Мақсаттары мен міндеттері

БЭК-ті құрудың мақсаты қатысушы мемлекеттердің тұрақты және тиімді дамуы мен халықтың өмір деңгейін жоғарылату үшін жағдай жасау болып табылады.

Қатысушы мемлекеттер мыналарға жәрдемдесуге ұмтылады:

халықаралық құқықтың жалпы мойындалған нормалары мен принциптері негізінде қатысушы мемлекеттердің экономикасын тұрақты дамытуды қамтамасыз ететін қатысушы мемлекеттер арасындағы сауда мен инвестицияларды дамытуға;

инфрақұрылымдық кешенді реттеу мен ықпалдастырудың үйлесімді жүйесін орнату жолымен кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін мүмкіндіктер жасауға;

қатысушы мемлекеттер экономикасының сыртқы рыноктардағы бәсеке қабілеттігін арттыру мақсатында қатысушы мемлекеттердің экономикалық әлеуеттерін біріктіруге және өсіруге.

Ықпалдастыруды тереңдету міндеттерін кезең-кезеңмен шешу қатысушы мемлекеттердің қабылданған міндеттемелерді орындауына және мына міндеттерді нақты шешуге негізделеді:

тарифтік және тарифтік емес реттеу саласында бірыңғай саясат жүргізу, бәсекелестіктің бірыңғай ережелері, демеуқаржы және мемлекеттік қолдаудың өзге де нысандарын қолдану негізінде өзара саудада демпингке қарсы, өтемдік және арнайы қорғану шараларын қолданбауды болжайтын алусыз және шектеулерсіз еркін сауда аймағын құру;

техникалық регламенттер мен стандарттардың, санитарлық және фитосанитарлық нормаларды әзірлеу мен қолданудың қағидаттарын біріздендіру;

макроэкономикалық саясаттың үйлесімдігі;

тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысы үшін жағдай жасау;

сауда және бәсекелестік саясатын қоса алғанда, БЭЖ-тің жұмыс істеуі үшін қажетті шамада қатысушы мемлекеттердің заңнамаларын үйлесімдіру;

табиғи монополиялар (темір жол көлігі, магистральдық телекоммуникациялар, электр қуатын, мұнайды, газды тасымалдау саласында және басқа да салаларда) қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттарын, бірыңғай бәсекелестік саясатты қалыптастыру және табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсетуіне кемсітушіліксіз ену мен тарифтер деңгейінің теңдігін қамтамасыз ету.

II. Негізгі принциптер

БЭЖ-тің жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капиталдың және жұмыс күштерінің қатысушы мемлекеттердің шекаралары арқылы еркін өтуін қамтамасыз ету болып табылады.

Тауарлардың еркін қозғалысы принципі еркін сауда режимін алуды жоюды және қатысушы мемлекеттердің келісілген әдістемесі, тарифтік емес шаралары негізіндегі кеден тарифтерін біріздендіру, жалпы кеден тарифін қалыптастырудың өзара саудадағы шектеулерін алу, үшінші елдермен тауарлар саудасын реттеудің құралдарын қолдануды көздейді. Өзара саудадағы демпингке қарсы, өтемдік арнайы және қорғану

шараларын қолдану тетіктері бәсекелестік және қаражаттандыру саласындағы бірыңғай ережелермен алмастырылатын болады.

Қызметтер көрсетудің еркін қозғалысын қамтамасыз ету қағидаты қызметтер көрсету рыногына және БЭЖ шеңберіндегі жеткізушілердің қызметтер көрсетуіне толық енуді қамтамасыз ету және үшінші елдердің қызметтер көрсету рыногына және БЭЖ жеткізушілерінің қызметтер көрсетуіне ену бойынша келісілген саясатты жүргізу үшін жалпы ережелер мен әдістерді қалыптастыруды болжайды.

Капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету принципі БЭЖ шеңберіндегі қатысушы мемлекеттерден капитал қозғалысына арналған барлық шектеулерді кезең кезеңмен алуды және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жағдайында капиталдар рыногын дамыту саласында келісілген саясат жүргізуді болжайды.

Қатысушы мемлекеттердің жеке тұлғаларын БЭЖ шеңберінде кедергісіз өтуін қамтамасыз ету және халықаралық құқықтар және ДСҰ-ның нормалары мен қағидаттарын ескере отырып, үшінші елдерге қатысты келісілген көші-қон саясатын қалыптастыру жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз етудің қағидаты болып табылады.

Келісілген макроэкономикалық саясат жүргізудің қағидаты макроэкономикалық көрсеткіштер, оның ішінде ішкі бағалар, бірінші кезекте энергия тасымалы және табиғи монополиялардың қызметтер көрсету тарифінің деңгейін теңестірудің конвергенциясын қамтамасыз етеді.

Жекелеген салалар бойынша жалпы саясат жүргізу принциптері Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы Келісімді дамытуда әзірленген секторалдық келісімдер жасауды болжайды.

БЭЖ әртүрлі деңгейлік және әртүрлі жылдамдықты ықпалдасудың мүмкіндіктерін ескере отырып, кезең-кезеңмен қалыптасады.

Әртүрлі жылдамдықты ықпалдасу әр мемлекет ықпалдасудың өзара іс-қимылының әртүрлі деңгейінде тұрған қатысушы мемлекеттердің әртүрлі деңгейлік ықпалдасуына алып келетін қандай да бір халықаралық шартына қосылу сәтін дербес айқындауын білдіреді.

Әртүрлі деңгейлік және әртүрлі жылдамдықты ықпалдасу әр қатысушы мемлекет ықпалдасудың қандай даму бағытын немесе жекелеген ықпалдасу шараларына оның қатысатынын және қандай көлемде қатынасатынын дербес айқындауын білдіреді. Мемлекеттің дайындық шамасына қарай БЭЖ-тің қалыптасуы және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін халықаралық шарттарға қатысу мүмкіндігі бар. Бұл жағдайда мемлекет халықаралық шарттар тізбесіне қосылудың келісілген кезектігін сақтауы тиіс. Мемлекеттің БЭЖ шеңберіндегі қолданыстағы халықаралық шарттарға қосылуы үшін бұл халықаралық шарттарға қатысушы барлық мемлекеттердің келісімін талап етеді. Бұл ереже осы тұжырымдамамен айқындалатын БЭЖ-тің негізгі принциптері мен шарттарының жұмыс істеуіне қатысты қолданылады.

БЭК-ті құрудың бір кезеңінен екінші кезеңіне өтуді Бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөніндегі негізгі шаралар Кешенінің алдыңғы кезеңінде көзделген іс-шараларды орындаған қатысушы мемлекеттер жүзеге асырады.

Қатысушы мемлекеттердің бір біріне ұсынатын басымдықтар көлемін олар қатысушы болып табылатын БЭК-ті құру жөніндегі келісімдер айқындайды.

Қандай да бір қатысушы мемлекеттің ықпалдасуды дамытудың жекелеген бағыттарына немесе жекелеген ықпалдасу іс-шараларына қатыспауы немесе ішінара қатысуы басқа қатысушы мемлекеттердің ықпалдасуды дамытудың көрсетілген бағыттарын немесе жекелеген ықпалдасу іс-шараларын жүзеге асыруына кедергі болмауы тиіс.

Қандай да бір қатысушы мемлекеттік ықпалдасуды дамытудың жекелеген бағыттарына немесе жекелеген ықпалдасу іс-шараларына қосылуының ең кеш мерзімі БЭК-ке қатысушы мәртебесін өзгертпейді.

БЭК-тің негізін салушы мемлекеттердің (Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы - Одақтас мемлекеттер, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы және Қазақстан Республикасы - ЕурАзЭҚ мүшелері) ықпалдасуының әртүрлі деңгейлерін ескере отырып, ықпалдасудың ең жоғары деңгейлеріне өту мүмкіндігінің мерзімін әр қатысушы мемлекет дербес айқындайды.

Еркін сауда аймағын құруды аяқтау БЭК-ті құрудың бірінші кезектегі және негізгі кезеңі болып табылады.

БЭК еріктілік, экономикалық өзара пайдалылық, кемсітудің жоқтығы, құқықтық кепілдік, мақсаттар тоқайластығы, қабылданған міндеттемелер үшін жауапкершілік, ашықтық сияқты қағидаттарды ескере отырып құрылады.

III. Бірыңғай экономикалық кеңістікті құрудың негізгі бағыттары

БЭК халықаралық құқықтың жалпы қабылданған нормалары мен принциптерін, сондай-ақ Еуропа одағының тәжірибесі мен заңнамаларын ескере отырып, ықпалдасу деңгейін жоғарылату жолымен, экономикадағы қайта түрленуін, келісілген экономикалық саясат, экономика, сауда саласында және басқа да бағыттар бойынша заңнаманы үйлесімді ету және біріздендіру жүргізу жөніндегі бірлескен шараларды жүзеге асыратын қатысушы мемлекеттердің ілеспелігі арқылы бірте-бірте құрылады.

Ықпалдасудың бағыттары мен оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар әр қатысушы мемлекет үшін олардың толық көлемде орындалуының міндеттілігін, сондай-ақ оларды іске асыру тетіктері мен келісілген шешімдердің орындалмағаны үшін жауапкершілікті көздейтін тиісті халықаралық шарттар мен БЭК органдарының шешімдері негізінде айқындалады.

БЭК-ті құру мынадай негізге алатын іс-шараларды жүзеге асыруды білдіреді:

тауарлар үшін алусыз және шектеусіз мыналар негізінде сауда режимін орнату:

- бәсекелестіктің және демеуқаржыны қолданудың бірыңғай ережесі, сондай-ақ тарифтік және тарифтік емес реттеу саласында келісілген саясат жүргізу негізінде тауарлардың еркін өтімі мен қызметтер көрсетуді көздейтін алусыз және шектеусіз еркін сауда аймағын құруды аяқтау жөніндегі кешенді шараларды іске асыру;

- жалпы кеден тарифтерін қалыптастыру;

- бәсекелестік саясат, табиғи монополияларды реттеу, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсетуге, қаражаттандыру және мемлекеттік қолдаудың өзге де нысандарына кемсітпеушіліксіз ету және тарифтердің тең деңгейін қамтамасыз ететін бірыңғай ережелерді айқындау;

- ДСҰ-ның нормалары мен ережелері негізінде тарифтік емес реттеу шараларын біріздендіру, үшінші елдерге қатысты оларды қолданудың біріздендірген тәртібін құру;

- өзара саудада тарифтік және тарифтік емес шектеулерді қолданбау;

- қатысушы мемлекеттердің үшінші елдерге қатысы бойынша сауда режимдерін біріздендіру;

- кейіннен оларды аяқталу кезеңінде жоя отырып, ішкі кеден шекараларында кедендік ресімдеу және кедендік бақылау тәртібін оңайлату;

техникалық регламенттер мен стандарттар, санитарлық және фитосанитарлық нормаларды әзірлеу мен қолданудың қағидаттарын біріздендіру;

қызметтер көрсету рыногына ену режимін ырықтандыру, мұндағы бар кедергілер мен шектеулерді бірте-бірте жою;

басым салалар мен өндірістерге инвестициялар тарту үшін қолайлы ахуал жасау жағдайларына келісу;

санаткерлік меншік құқығын қорғау саласында бірыңғай саясат жүргізу;

салық салу қағидаттарын үйлесімдіру, оның ішінде жанама салықтарды алусыз салудың келісілген принциптеріне өту, салық пен алымдарды ішкі рынок пен ұлттық өндірушілерді қорғаудың құралы ретінде қолдануға жол бермеу;

ұлттық валюталардың өзара айырбасталымдығы және ұлттық валюталармен есептесуге өту, валюталық саясаттың жалғаспалы ырықтануы үшін жағдай жасау, ұлттық валюталардың валюталық бағамдарын орнатудың тетігін келісу, ықпалды төлем жүйесін қалыптастыру, қатысушы мемлекеттердің экономикалық жағдайларының жақсаруына қарай капитал қозғалысын ырықтандырудың деңгейін жоғарылату;

қатысушы мемлекеттер азаматтары еркін қозғалатын еңбек рыногын құру;

БЭЖ-ті құруды құқықтық ресімдеу мен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

шешімдерді қабылдаудың тетігін әзірлеу және қабылданатын шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету.

Жоғарыда айтылған іс-шаралардың орындалуы Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру жөніндегі Кешенді негізгі шараларды іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Ү. ДСҰ-ға кіру жөнінде келіссөздер жүргізу кезіндегі өзара әрекет

Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру мен оның қызметі ДСҰ-ның нормалары мен ережелерін ескере отырып, жүзеге асырылады.

Қатысушы мемлекеттер бұл ұйымға кіруі жөніндегі келіссөздердің әртүрлі кезеңінде тұрғандықтан ықпалдасудың әртүрлі деңгейлік және әртүрлі жылдамдықтық мүмкіндігін ескере отырып, ДСҰ-ға кіру жөнінде келіссөздер өткізу кезінде келісілген ұстанымдар тетігін әзірлеуі қажет. Бұл тетік мыналарды болжайды:

ДСҰ-ға кіру туралы келіссөздер барысын талқылау үшін тоқсан сайын консультациялар өткізу;

қатысушы мемлекеттердің келісілген шарттарда ДСҰ-ға кіруі.

Қатысушы мемлекеттер ДСҰ-ға кіру жөнінде келіссөздер жүргізу кезінде ұстанымдарды келісу тетігінің нақты нысандарын дербес таңдайды.

Қатысушы мемлекеттердің бірі ДСҰ-ға басқалардан бұрын кірген жағдайда ол:

басқа қатысушы мемлекеттердің ДСҰ-ға жедел кіруіне жәрдемдесетін болады;

ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздер аясында басқа қатысушы мемлекеттерге талаптарды жылжытудан қалыс қалады.

Ү. Бірыңғай экономикалық кеңістік құрудың және шешімдер қабылдау тәртібінің институционалдық негіздері

БЭК-ті құру процестерін үйлестіруді жекелеген халықаралық шарттар негізінде құрылатын тиісті органдар жүзеге асырады. Органдардың құрылымы ықпалдасу деңгейін ескере отырып, құрылады.

БЭК органдары мемлекетаралық элементтер мен қатысушы мемлекеттердің өкілеттіктерінің бөліктерін бірыңғай реттеуші органның маңызын бірте-бірте арттыра отырып, оған беруді үйлестіру негізінде құралады.

БЭК-ті құруды мемлекетаралық деңгейде үйлестіру және басқаруды Қатысушы мемлекеттер басшыларының кеңесі (бұдан әрі - ҚМБК) қамтамасыз ететін болады.

ҚМБК шеңберіндегі әр қатысушы мемлекеттердің дауыстар саны "бір мемлекет - бір дауыс" қағидатына орай бөлінеді. ҚМБК шешімдері бәтуаластықпен қабылданады.

Қатысушы мемлекеттер халықаралық шарттар негізінде өз өкілеттіктерінің бір бөлігін табыстайтын бірыңғай реттеуші органды (Комиссияны) құрады. Оның шешімдері барлық қатысушы мемлекеттердің орындауы үшін міндетті болады.

Комиссия жалпы кеден тарифі немесе бәсекелестіктің бірыңғай ережелерінің қайсысы бұрын енгізілген сәтінен бастап өзінің жұмыс істеуін бастайды. Ықпалдасу процестерінің дамуы және тереңдеуіне қарай бірыңғай реттеу органының өкілеттігі тиісінше ұлғаяды.

Комиссияда барлық мәселелер бойынша шешімдер салмақталған дауыс берумен қабылданады. Әр қатысушы мемлекеттік дауыс саны оның экономикалық әлеуетін ескерумен айқындалады. Дауыстарды бөлу және дауыс беру рәсімі қатысушы мемлекеттердің келісімі негізінде белгіленеді.

ҚМБК негізгі өкілеттіктері:

БЭК шеңберінде одан әрі ықпалдасудың келешегін айқындау;

Бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөніндегі негізгі шаралар кешенінің орындалуына бақылау жасау;

БЭК-ті құру үшін қабылданатын негізгі принциптер мен шаралардың қолданылуы мен сақталуын қамтамасыз ету;

үшінші елдерге қатысты сауда-экономикалық саясатын әзірлеу;

БЭК-ке жаңа мүшелерді қабылдау туралы шешімдер қабылдау;

БЭК-ке қатысушы мемлекеттердің кеден-тарифтік және бәсекелестік саясатын біріздендіру жөніндегі міндеттерді қою және Комиссияның баяндамаларын қарау;

БЭК-тің жұмыс істеуінің принципті мәселелері бойынша өзге де шешімдерді қабылдау болып табылады.

БЭК-тің талаптағыдай жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету үшін Комиссия өз құзыры шегінде:

БЭК-тің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз етеді;

БЭК-тің мақсаттарына жету және міндеттерін орындаумен байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды және қорытынды береді;

БЭК-тің мақсаттарына жетуге және міндеттерін орындауға қажетті нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, әдістемелік материалдарды және басқа да құжаттарды әзірлейді;

өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ҮІ. Құқықтық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету

Қатысушы мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып және халықаралық құқықтық жалпы қабылданған нормалары мен принциптеріне сәйкес жасалатын және қабылданатын халықаралық шарттар мен БЭК органдарының шешімдері БЭК-тің қалыптасуы мен қызметінің құқықтық негізі болып табылады.

Ықпалдасудың әртүрлі жылдамдығын және әртүрлі сипатын назарға ала отырып, БЭК-тің халықаралық шарттары мен өзге де құжаттарының жобаларын дайындау жөніндегі жұмыстардың аяқталғаны туралы шешімдер егер, тісті жоба ішкі жалпы өнім жиынтығының кем дегенде үштен екісі үлесінде болатын қатысушы мемлекеттердің кем дегенде үшеуімен келісілсе қабылданады.

Қатысушы мемлекеттер қабылданған шешімдердің іске асырылуы тетігін бекіту, олардың орындалмағаны үшін санкция енгізу, сондай-ақ БЭК-ті құруға жіберілген олар

жасасқан әрбір халықаралық шарттардағы дауларды шешудің тетігі қажеттігін мойындайды. Бұл құжаттар олардың ескертпелеріне жол бермеу туралы ережелерді қамтуы тиіс.

БЭК органдарын қаржыландыру бірыңғай реттеу органына қатысушы мемлекеттердің дауыс санына тең қатысушы мемлекеттердің үлестік жарнасы есебінен жүзеге асырылады.

БЭК-тің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін экономикалық және құқықтық сипаттағы тұрақты жаңартылатын ақпарат шоғырланатын деректер қоры құрылады.

ҮІІ. Қорытынды

БЭК олардың БЭК аясында жасалатын және қолданыстағы халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелерді қабылдаған жағдайда, қатысушы мемлекеттердің келісімдерімен бекітілген макроэкономикалық және институциональдық өлшемдеріне сәйкес және барлық қатысушы мемлекеттердің келісімімен басқа мемлекеттер үшін ашық.

Кез-келген қатысушы мемлекеттің БЭК-ті қалыптастыру шеңберінде қабылданған өз міндеттемелерін алдын ала реттей отырып, БЭК-тен шығу құқығына ие.

Қатысушы мемлекеттің БЭК-тен шыққан күнінен бастап БЭК аясында жасалған халықаралық шарттар мен қабылданған шешімдерден туындайтын осы қатысушы мемлекет алдындағы басқа қатысушы мемлекеттердің міндеттемелері күшін жояды.

Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы Келісімге Украинаның ескертпесі

Украина Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыруға және оның жұмыс істеуіне Украинаның Конституциясына сәйкес шекте қатысатын болады.

Украина Президенті

Ялта қ., 2003 жылғы 19 қыркүйек